

"Анашым-анажаным"

IV- "Қарлығаш" ересек тобы
Дайындаған: Утаралиева Н

2021-2022 оқу жылы

«Анашым -анамжаным» ертеңгіліктің сценарийі

(«Қарлығаш» тобы, 2022ж.)

Залдың іші мерекеге сай әдемі безендірілген.

Жүргізуші: Қымбатты аналар, әжелер, құрметті қонақтар! Бүгін біз «8 - Наурыз» аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз.

Құтты болсын осы шаттық күніңіз.

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.

Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз!

-Біздің бүлдіршіндер бүгін сіздерге «Көктемгі мерекесін» дайындады.

Ортаға «Қарлығаш» тобының балаларын шақырамыз!

Жүргізуші: Бүгін – наурыздың сегізі,

Сұлулықтың негізі.

Әдемі сөз адамның,

Анаға айтар лебізі.

Бүгінгі аналарымыздың мерекесіне жылы лебізін білдіру үшін балабақшамыздың меңгерушісі Жолболды Базаркүл апайға сөз кезегін береміз. (басшыға сөз беріледі.)

Балалардың тақпақтары:

Аслан: Сенен өскен балалар

Батырлар мен даналар!

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті аналар!

Темірлан: Мамаларды сүйеміз,

Сөзін ойға тұеміз.

Әжені да ардақтап,

Әдеппен бас иеміз.

Манарбек: Құшағына кіргенде

Жылынамын бір демде.

Не жетеді көзіңе

Меірімді күннен де.

Құттықтаймын, анашым,

Сегізінші Наурызбен!

Кәусар: Мерекені қарсы алып,

Мәз болады барша жұрт,

Гүл ұсынып анаға,

Бердім өзім ән салып.

Аяла: Ақ анашым, аппағым,

Өзің жайлы тақпағым,

Өзің жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрен де!

Мансур: Мейірімді жүрекпен

Бөлісетін Бақытты

Ақ ниетпен шын тілек

Ізгі істерді жақұтты
Айдина: Анашым аяулы адам сен едің
Серігі болған біздердің
Түн ұйқысын төрт бөлген
Қамқоршым менің анашым

Ән «Ақ маман» - хормен орындалады.

Балалар (әннің аяғында хормен айтады): *Құтты болсын мереке! – орындарына отырады.*

Жүргізуші:

Сай-салада ағады.
Бүршік шашып,
Жапырақ ашып,
Жер гүл шашақ тағады.
Балалар, айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?

Балалар: Көктемде!

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, көктемде. Қанеки, ортаға тұрып ән шырқайық, мерекемізге Көктемді әнімен шақырайық!

Музыка сүйелмеумен, залға билеп Көктем кіреді.

Көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар! (балалар амандасады) Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар, қонақтар!

Көктем: Наурыз айы көктеммін,
Күлемдеп күмбез көкте күн.
Жайқалған жасыл жапанға,
Жылулық нұрын төккенмін.

Жүргізуші: Келгеніне қуаныштымыз, төрлет Көктем. Балалар сені көп күтіп, саған тақпақтарын дайындады.

Көктем: Қане, тақпақтарыңды тыңдайық.

Жүргізуші: *Балалардың көктем туралы тақпақтары.*

Асқар: Мейірім төккен баршаға
Онымен өмір қаншама
Анасыз өмір болама
Айтыңдаршы баршаңыз

Айкөркем : Алысқа кетсемде
Сағынамын мен сені
Әрқашанда жанымнан
Табылады менің анашым

Думан: Менің анам ардақты
Алтыннанда салмақты
Жақсы көріп баласын
Мәпелейді Анашым.

Әзірет. Жақсылыққа шақырып

Жамандықтан тыяды
Әжеме ешкім жетпейді

Ақзере: Әжем менің асыл жан
Жақсылыққа үйретіп
Жамандықтан шектейді
Әжеме ешкім жетпейді

Жүргізуші енді балардың тамаша биін тамашалайық .
бір топ ұлдардың биі: " Джентлмен"

Жүргізуші: Қандай жақсы музыкалық сыйлық! Рахмет сендерге, ұлдар.
Білесің бе, Көктем, біздің балалар әжелерін соншама жақсы көреді, оларға
тақпақтарын да әндерін де дайындады.

Балалардың тақпақтары:

Хантөре: Өзің мені өсірген,
Айналайын, ақ әжем.
Тентек болсам кешірген,
Балдай тәтті бал-әжем.

Айерке: Менің әжем, жыр әжем!
Шуағы мол нұр әжем!
Ақ таяққа сүйініп,
Аман-есен жүр әжем!

Ақзере: Немересін жанындай,
Әжем жақсы көреді.
Барса қонақ, «балам» деп,
Кәмпит әкеп береді.
Ақ әжемді әрқашан,
Сыйлап, жақсы көремін.
Қуантайын деп оны,
Өлең айтып берейін

Илияс: Ақ әжемді әрқашан,
Сыйлап, жақсы көремін.
Қуантайын деп оны,
Өлең айтып берейін.

Олжас: Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекен
Айналайын жан анам

Димаш: Менің әжем гүл әжем
Алтын әжем күн әжем
Анам үшін мен үшін

Тығыз ана тілі әжем
Асылбай: Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін
Анашымды ардақтап

Қасымды оған немін
Жібек: Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз

Әлинұр: Бәріңізде анасың
Біз үшін күн боп жанасың
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым

Жүргізуші: Бір топ балаларымыздың орындауында.

Ән: «Құттықтаймын мама - туған күніңмен» -хормен орындауында.

Көктем: Қандай көңілді ән, рахмет балалар!

Жүргізуші: Қадірлі аналар көңілі,
Көктемдей жайнап, гүл ашсын!
Бақытқа толып өмірі,
Шатыққа шаттық ұлассын!

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, қонақтар, осымен 8 наурызға арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Мерекені біз топта жалғастырамыз. Келесі кездескенше, қош сау болыңыздар!

Көңілді музыка ырғағымен балалар топқа қайтады.

"Анашым - Асылжаным"



4 - "Қарлығаш" тобы

